

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі және
Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі қайта ұйымдастыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 21 тамыз N 1144. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.01.07. N 10 қаулысымен. ~P990010

"Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының күшінің жойылғанын тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 тамыздағы N 2411 U952411_ Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ банк құрылымын жетілдіру және мемлекеттік банктердің қызметінің бірін-бірі қайталаушылығын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі оған Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі барлық мәселелер бойынша Қазақстанның мемлекеттік Даму банкінің құқықтық мұрагері деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі комиссия құрсын, ол бір ай мерзім ішінде акті бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік Даму банкінің мүліктік құқықтары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне берсін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының кепілдігімен тартылған шетел кредиттері бойынша заемшы-кәсіпорындардың берешектерін өтеу және мерзімі өткен төлемдерді өтеуге бағытталған бюджет қаражатын заемшы-кәсіпорындардың өтеу тәртібі туралы бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетпен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілерін "Қазақстанның мемлекеттік

Даму банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының күшінің жойылғанын тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 тамыздағы Жарлығына сәйкес келтіру жөнінде бір ай мерзім ішінде Үкіметке ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК